

**Мәслихаттың 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 136 "Сарыкөл ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 223 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 желтоқсанда № 8214 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Сарыкөл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Сарыкөл ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 136 шешімінің (2018 жылғы 5 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7492 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.